

Қазақстан Республикасында Мәдениет пен өнерді қолдау Мемлекеттік қоры туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 10 қыркүйектегі N 4059

Қазақстан Республикасының мәдени әлеуетін сақтау және дамыту, мәдениет пен өнер қайраткерлерін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету және Қазақстанда мәдениет пен өнерді дамытуға бағытталатын мемлекет қаржысын нысаналы пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында Мәдениет пен өнерді қолдау Мемлекеттік қоры құрылсын (бұдан әрі - Қор).

2. Қордың негізгі міндеттері:
ұлттық өнер мен халық шығармашылығын қолдау және дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

демалыс және ойын-сауық отандық индустриясын дамыту, осы сала үшін кадрлар дайындау мақсатында шетел инвестицияларын, шет елдер мен халықаралық ұйымдардың қаржылық және техникалық көмегін тартуға жәрдемдесу;

Қазақстан мәдениетінің елдердің әлемдік қоғамдастығына кірігуін кеңейту мақсатында шетелдік серіктестермен тікелей байланыстарды жүзеге асыру; мәдениет пен өнер саласында еңбек нарығын дамытуға жәрдемдесу болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
бір ай мерзімде Қор туралы ережені бекітетін болсын;
жарғылық міндеттерін іске асыру үшін республиканың мемлекеттік бюджетінде 1999 жылдан бастап Қорға нысаналы қаржы аударымдары көзделсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*